

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Албания Республикасының Министрлер Кеңесі арасындағы визалық талаптардан өзара босату туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 1098 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2022 жылғы 22 қыркүйекте Нью-Йоркте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Албания Республикасының Министрлер Кеңесі арасындағы визалық талаптардан өзара босату туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Ескерту. Нормативтік құқықтық  
актіге қоса тіркелген  
халықаралық Келісімнің мәтіні  
ресми болып табылмайды. ҚР  
халықаралық Келісімінің  
жасасқан тілдердегі ресми  
куәландырылған көшірмесін ҚР  
халықаралық Келісімдерін  
тіркеуге, есептеуге және  
сақтауға жауапты ҚР Сыртқы  
істер министрлігінен алуға  
болады

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2022 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 1098 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Албания Республикасының Министрлер Кеңесі арасындағы визалық талаптардан өзара босату туралы келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Албания Республикасының Министрлер Кеңесі

Тарап мемлекеттері арасындағы достық қарым-қатынастарға жәрдемдесуге ниет білдіре отырып,

өз мемлекеттері азаматтарының Тарап мемлекеттерінің аумағына кіруін жеңілдету мақсатында

төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

1. Тараптардың бірінің мемлекетінің азаматтары – жарамды жол жүру құжаттарының иелері бірінші келген кезінен бастап 365 күндік әрбір кезең ішінде күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын кезеңге екінші Тарап мемлекетінің аумағына бір немесе бірнеше мәрте келу, одан кету, транзитпен өту, уақытша болу үшін визалық талаптардан босатылады. Қазақстан Республикасының азаматтары үшін болу кезеңі Қазақстан Республикасы азаматтарының Шенген аймағының аумағында болу қағидаларына сәйкес есептеледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген барынша көп кезеңнен ұзақ уақытқа екінші Тарап мемлекетінің аумағында жұмысқа орналасу немесе оқу мақсатында қалуға ниет білдірген Тараптардың бірінің мемлекетінің азаматтары – жарамды жол жүру құжаттарының иелері осы Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес талап етілетін тиісті визаны алуға тиіс.

## **2-бап**

Қазақстан Республикасының жарамды жол жүру құжаттары:

- дипломатиялық паспорт;
- қызметтік паспорт;
- Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

- Қазақстан Республикасына қайтып оралуға арналған куәлік (Қазақстан Республикасының жарамды жол жүру құжаты);

- Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі.

Албания Республикасының жарамды жол жүру құжаттары:

- жалпыазаматтық паспорт;
- дипломатиялық паспорт;
- қызметтік паспорт;

- Албания Республикасына қайтып оралуға арналған (Laissez Passer) жарамды жол жүру құжаты (тек Албания Республикасына қайтып оралу үшін);

- теңізшінің жеке куәлігі (кеме тізімдегі жазба немесе одан үзінді бойынша).

## **3-бап**

1. Бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағына халықаралық қатынаста саяхаттаушылар үшін ашық пункттер арқылы келе алады және одан кете алады немесе транзитпен өте алады және соңғы Тарап мемлекетінің шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың келуіне, кетуіне және транзитіне қатысты қолданылатын заңнамасын сақтауға тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясында және 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена

конвенциясында көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерге нұқсан келтірмей қолданылады.

#### **4-бап**

1. Осы Келісім өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіптің қорғалуын немесе халық денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында екінші Тарап мемлекеті азаматтарының келуіне немесе болуына рұқсат бермеу бойынша Тараптар құқығын шектемейді.

2. Осы Келісім нон-грата тұлғаларға немесе екінші Тарап мемлекетінің қош көрмейтін азаматтарына өз мемлекетінің аумағына келуіне тыйым салу немесе себептерін көрсетпестен өз мемлекетінің аумағында олардың болуын тоқтату бойынша Тараптар құқығын шектемейді.

#### **5-бап**

1. Албания Республикасының аумағында болу кезінде өздерінің жол жүру құжаттарын жоғалтып алған Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі берген жол жүру құжаттарын пайдалана отырып, Албания Республикасының аумағынан тыс жерге кете алады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында болу кезінде өздерінің жол жүру құжаттарын жоғалтып алған Албания Республикасының азаматтары Албания Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі берген жол жүру құжаттарын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге кете алады.

#### **6-бап**

Форс-мажорлық мән-жайлар салдарынан алғаш келген кезінен бастап әрбір 365 күндік кезең ішіндегі күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде екінші Тарап мемлекетінің аумағынан кететін мүмкіндігі жоқ Тараптардың бірінің мемлекеті азаматтары болу мемлекетінің аумағынан кету үшін өздерінің болуын қажетті уақыт кезеңіне ұзартуға рұқсат беру үшін осы Тарап мемлекетінің құзыретті органдарына өтініш білдіруге тиіс.

#### **7-бап**

1. Тараптар осы Келісімінің 2-бабында көрсетілген өздерінің жарамды жол жүру құжаттары үлгілерімен осы Келісім күшіне енген кезге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы алмасады.

2. Жаңа жол жүру құжаттары енгізілген немесе қолданыстағылары өзгерген жағдайда Тараптар бұл жайында біріне-бірі дереу хабарлайды және осындай жол жүру

құжаттарының үлгілерін, сондай-ақ олардың қолданылуына қатысты ақпаратты олар ресми енгізілгенге немесе өзгертілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы жібереді.

## **8-бап**

1. Әрбір Тараптың ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіптің қорғалуын немесе халық денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында осы Келісімнің қолданысын дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапты жазбаша хабардар ету арқылы уақытша, ішінара немесе толық тоқтата тұруға құқығы бар. Мұндай жағдайда осы Келісімнің қолданысы осындай хабарлама алынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткеннен кейін тоқтатыла тұрады. Тараптар осы Келісімнің қолданылуының уақытша, толық немес ішінара қалпына келтіру күнін дипломатиялық арналар арқылы келіседі.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес осы Келісімнің қолданысын тоқтата тұру осы Келісімнің қолданысын тоқтата тұруды іске асыратын Тарап мемлекетінің аумағындағы екінші Тарап мемлекеті азаматтарының құқықтарын қозғамайды.

## **9-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген келіспеушіліктер немесе даулар Тараптар арасындағы консультациялар немесе келіссөздер арқылы шешіледі.

## **10-бап**

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

## **11-бап**

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кейін күшіне енеді.

2. Әрбір Тарап осы Келісімнің қолданысын дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапты жазбаша хабардар ету жолымен тоқтата алады. Мұндай жағдайда осы Келісімнің қолданысы осындай хабарлама алынған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кейін тоқтатылады.

20\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ каласында әрқайсысы қазақ, албан, ағылшын және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің мәтіндері арасында алшақтық туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Албания  
Республикасының Министрлер  
Кеңесі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК